
Р. Каметованың «Надежда Чернованың «Тамыз» сюжетті триптихі» мақаласында сюжетті контекстердің жанр түріндегі теориялық өзiктi мәселерiне арналған. Мұнда, Н.Чернованың «Тамыз» циклдық образды-тақырыптық, лексико-стистикалық, уақыт-кеңестiк, поэтикалық денгейi негiзiнде талданады.

In article "Sonnet triptych" by Nadezhda Chernova is devoted to an actual theoretical problem, to a question of zhanro-formation of sonnet context. Also it quves analysis of cycle "Auqust" on picturesque-thematic, semiotics, statially, formal-poetic levels.

Т. Б. Қастеева

АЙТЫС – ХАЛЫҚТЫҚ ҚАЗЫНА

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында жазып айтысу қанат жаяды. Бұл айтыс екі ақынның бір-біріне жазған хаты түрінде болып келеді. «Бірнеше ақынның қатысуымен топтасып сайысқа түсетін айтыс түрі бар. Айтыстың бұл түрі белгілі бір жағдайларға байланысты көбіне хат түрінде жүзеге асады, яғни хат арқылы жазысып айтысады. Мұны шартты түрде жазба айтыс деп атаса да болады. Жазба айтысқа он кейде жиырмаға жуық ақындар қатысып, айтыса береді. Екі ақынның хатпен жазысып айтысуын Қазақстанның әр жерінен кездестірсек, ақындардың топтасып айтысу дәстүрін, әсіресе Сыр бойынан, Орталық Қазақстанның кейбір облыстарынан және Сынцзянь жерін мекендеген қазақ ақындарынан кездестіреміз.» (1,4 б). Ақан да осы дәстүрден сырт қалмаған.

Ол бірнеше ақындармен (Смағұл, Нұрғожа, Қожамбет) жазба түрде айтысады. Алдымен Смағұл ақын жазып жібереді. Смағұлдың жазғаны шартты түрде шағын үш бөлімге бөлуге болады.

Дүние пайда бермес еш бір жанға,
Болсаң да би мен төре, патша, хан да.
Тіршілік адамзатқа азғана күн,

Ұқсайды дүние шіркін жанған шамға. (2,225 б.),- деп дүние-жалғанның өтпелілігін еске алады. Дүниенің тұтқасын ешкім де мәңгі ұстап тұрмақ емес. Дүние-тіршілік жанған шамға ұқсас, бір сәтте өшуі әбден мүмкін екенін айтады. Тағы да ойын жалғап былай дейді:

Басыңа пайда бермес бұл өнерің,
Жақсылық қосылмайды ешбір санға.
Ысырап, құмға құйған су секілді,
Айтқан сөз қабыл болмас кей наданға.

Сөз жоқ, «басыңа пайда бермес бұл өнерің» дегенде Ақанның әнші, композитор, ақындығын меңзеп отырғаны кәміл. Соңғы екі тармағына салмақ түсіреді. «Айтқан сөз қабыл болмас кей наданға» деуінде үлкен мән жатқандай. Қысқасы, Ақанның намысына тие сөйлегенін байқауға болады.

Мұнан кейінгі кезекте Ақанның ата-тегін есіне алып, оның байлығынан хабардар екенін айтады. Ол өткен күн, ал бүгінше?

Атаңыз қыдыр қонған бай кісі екен,
Күнінде ойға алғанын еткен тамам.
Ол кісі күте алатын қайран күнін
Бұл күнде ол кеткен соң қандай бағаң?

Дін іздеп, еткен сенің кәсібің көрінбейді
Напақамыз демей ме қатын- балаң?
Данышпан, ақыл-парасат, сондай жансың
Қайтейін қылып жүрген ісің надан.

Қатты сын айтады. Не дін жолында емессің, не белгілі бір кәсібің де жоқ. Қатын-баланды қалай бағасың?-деп тіке «шабуылға» көшеді. Мал-дүние жимайтын Ақанның кедейлігін бетіне басқандай болады. «Данышпан, ақыл-парасат көп, қайтейін қылып жүрген ісің надан» дейді. Ақан ешкімнен де «жылу» сұрамасы анық, соған қарамастан байлығың жоқ болса, бағаң да жоқ деген ойын алға тартады. Ақандай өнер иесінің ештемеден тарыға қоймай-тынын аңғара алмағанын көреміз. Өмірдің мәнін байлықпен ғана өлшейді.

Хат түрінде орындалған жазба айтыстың үшінші «бөлімінде» Ақанның білімді, сөзге шешен адам екенін мойындайды. Шындықты айтқаным үшін «жек көріп, айыпқа алма, інінді, Ақан» дей отырып, кем-кетікті айтуға ұмтылады.

Ісіне дүние-ахрет ұқсатпаймын
Жалғанда жүріп көрген күніңді, Ақан.
Қыз мақтап, қымыз құйып, ысырап қып
Жұмсайсың керексізге білімді, Ақан.

Бұл жолдардан да Ақанның серілік жүріс-тұрысын мін ретінде көрсету басым. Бойындағы білімінді керексіз іске жұмсайсың деп жазғырады. «Ақын бойындағы мін-кемістік те қашаннан қарсыластар үшін сөзден тосудың қажетті бір амал-тәсілі саналып келген (3,15 б.). Осы ретте Смағұл да ақынның жеке басындағы ұсақ-түйек кемшіліктерді қазбалайды.

Смағұлдың Ақанға тағар бір кінәсі ол дүниге (бақиға) барғанда, періштелер жауап алса, демінді шығаруға шамаң келмей қалады дегенді көлденең тарта береді. Өйткені Ақан діндар, тақуа адам болмаған. Сондықтан Смағұлға ұнауы мүмкін емес. «Тіршілікте бір жаныңның қамын ойла» деп ақыл айтпақ болады.

Мұнан кейінгі сөзді өзін мақтаудан бастайды. Тым асқақтап, күшейе түседі.

Сұрасаң менің жөнім бай Қодыға,
Бақ берген төрт түлікке сай Қодыға.
Ойлаған мақсатына қолы жеткен,
Ішінде тамам жұлдыз ай Қодыға.
Жесірін аға сұлтан тартып алған,

Бұл істі қыла алмайды жай Қодыға .

Өз руының байлығын көптігін айтып көпіру бұрынғы айтыстардың көбінде ұшырасады. Осы дағдылы ерекшеліктен Смағұл да ұзап кете алмаған. Байлық-барлықты Ақанға қарсы қалқан ете сөйлейді. Бір болыстың молдасы екенін де атап өтеді.

...Смағұл менің атым алсаң нұсқа,
Сайлаған жұрт ұнатып жиырма екіде
Молда мен указной бір болысқа.
Ойласақ-бұл дүниені қуғанменен
Жан сая болмайды екен іш тынысқа, -

деген жолдарынан Смағұлдың бір болыс елдің молдасы екенін ұғамыз. Смағұл өнерді дұрыс бағалай алмайды. «Бермейді жанға пайда ақындығың» деуі осыны аңдатады. Сал, сері, әнші- күйшіні, діндарлар (молда, ишан) ұнатпаған. Сондықтан Смағұл да Ақанды шарифатты білмейсін, күпірлік жасадың деп сөгеді.

Смағұлдың хат-айтысын оқыған Ақан да қарап қалмайды. Оның әр сөзіне зер сала отырып жауап қайтарады.

Жақсының болдым жолдас данасына,
Үш жүздің сөз жібердім арасына.
Ақылсыз ақымақтың бір мінезі-
Өзінің қарамайды шамасына (4,227 б.),-

деп, өзінің хат-айтысын 1902 жылы Қызыл көл болсын молдасы Смағұлға жолдағанын айтады. Оның «әлін білмей әлек болғанын» дөп басады. Алты алашқа аты мәлім Ақанға Смағұлдың айтқандары ұнай қоймаған. Сондықтан «ақылсыз ақымақтың бір мінезі» өзінің шама-шарқын білмей сөйлеуін орынсыз деп біледі. Оның атамыз «бай да болған, ай да болған» деген сөзіне Қарынбайды мысалға келтіреді.

Дүниеде Қарындағы бай боп өткен,
Жеріне ойына алған қолы жеткен.
Малынан қайыр-ихсан бермеген соң,
Жер жұтып, ғазап тартып, мехнат шеккен.
Тағы да сауал тастап:
Ехтам шарифаттан түк білмейсін,
Үйретсін ғылым жайын саған Ақан.
Менмендік, тәкаппарлық дұрыс па екен,
Түсірер ақылына ағаң Ақан. (4,228 б.), -

деп бір тоқтайды.

Енді бір сәт көкірегін көтерген Смағұлға бар ашу-ызасын төге, білгішсінген бейбақтың қылын шенеп-мінеп былай дейді:

Басшысы ғазазылдың түү, Смағұл,
Су жұқпас құттан шыққан қу, смағұл.
Зиянсыз мұсылманды шағып алдың,
Заһарлы жыландай-ақ у, Смағұл...
Айбат айтқан ауызда тазалық жоқ,
Болды ғой аузың харам – жу, Смағұл!
Шұлғанып дастарханды аяғыңа,
Қадірсіз болды ахмақ бұл, Смағұл, -

деп Смағұлдың әптігін баса сөйлейді. Халқына қадірлі, сөзге шешен, ақылға бай Ақан Смағұлдан ығысқаны былай тұрсын қайта оның өзіне шүйіле түседі. Өлеңді бастырмалата төпеп, оның абыройын жүрдай етеді.

Ақанның хат түріндегі жазба айтысының бірі Қожамбет екеуінің арасында өтеді. Ақанның сөзі «ел дауына» деген тақырыппен берілген. Соған қарағанда ертеректе екі рудың арасында мал дауы болған деп жорамалдауға болады. Ақан :

Біздің ел жылқы алуға ерінбеген,
Атығай жазаң алда берілмеген.
Жылқыны қара қойлап айдағанда,
Мырза-биің қалды ма керілмеген...
Сабанды керегеге ілдірген де
Қықымың іркіт ішіп күрілдеген.
Қарауылдың қимылын көргеннен соң
Құдайберді, Бейімбет дірілдеген. (4,212б.),-

деп «ерте кезде ақындар айтысында өз елдерін мақтау, байлығын, мықтылығын айту дәстүрі бойынша» (5,439б.) Ақан да өз елінің батыл-батырлығын мақтан ете сөйлейді. Өз қарсыласын сөзден тоқтату үшін ақындар мұндай тәсілді жиі қолданған. Елін не өзін көтере, асқақтата айту айтыс өнерінің бір шарты десе де болады.

Ақын өз елінің «ту байлап, тұлпар мініп дүрілдеген» ер-азаматтарын мақтаныш етеді. Қарсыласының кейбір адамдарын (Әлібек пен Жаулыбай) қорқақтығын айтып төмендете түседі. «Жалғыз-ақ Серәлінің себебімен, кісілерің жазаға берілмеген» деуіне қарағанда кінәлі Қожамбет жағы болуы мүмкін. Ақанның жоғардағы сөзіне Қожамбет не айтқан екен; оқиық:

Ақандай өлең жазған ақындарың,
Ежелден қызға құтсыз тақымдарың.
Жылқы алды деп айтасың барымталап,
Ақан-ау, қайда кетті ақылдарың.
Сендердей барымта біз алғамыз жоқ,
Тал түсте қолдан шыққан қатындарың.
Түбіңе Ақтоқты қыз жетіп кеткен,
Оны да бетке басар жақындарың. (4,213 б.),-

деуі – Ақанға айтқан қарымта жауабы. Баяғы Ақанның үйленбей жүруін бір мін ретінде көрсетіп, «түбіңе Ақтоқты қыз жетіп кеткен» десе, екіншіден, барымта алған емеспіз деп ақтала не жалтара жауап қайтарады. Ойын тағы сабақтап:

Бір күнде болып едің Ақан сері,
Жолдасың осы күнде жын мен пері.
Алты ай жаз бір қорада жалғыз жатып,
Қисық ағаш болыпты мекендерің, -
дейді.

Бір күндері Ақан сері атандың, бұл күндері жын-пері, шайтандарды жолдасқа айналдырдың, әйтпесе алты ай жаз қорада жалғыз жатар ма едің деп жазғырады. Мұнымен де қоймай сырттан ғайбат айтасың, шарифатқа қарсы әрекет емес пе? деп мысқылдайды.

Ақан, сен өлең жазып арандадың,
Токаны не себепті жамандадың.
Омбыға он мың теңге шығарсаң да
Таңбалы байтал көзін ала алмадың.
Законнен артық пайда болмаған соң
Мына жерде жылқы алып амалдадың.
Сен былай тие берме жалпы жанға
Бүйте берсе сүйекке болар таңба, -
деп тоқтайды.

Қожамбеттің сөзіне қарағанда екі рудың (Атығай, Қарауыл) арасында жылқы дауы болғаны анық. Омбыға он мың теңге шығарсаң да, таңбалы байталдың көзін қайтарып ала алмаған соң, «мына жақтан жылқы алып амалдадың» деп Ақанның намысына тие сөйлейді. Сондай-ақ оның кейбір адамдарға өлең арнауын бұзылғандыққа санайды. Ақанның жауап сөзі:

Ақандай мінінді айтты ақындарың,
Жетпеді жығылуға ақылдарың.
Қарам іске я құдай деп, аттанам деп
Мұқанынан дүре жемген жақындарың.
Өзім сақтап беріп ем сүйегімді,
Ұстай алмай жүн қылдың жібегімді.
Арғы мінді қопарып неге керек
Жібермеспін мен саған өз кегімді. (4,214 б.)

Кемшіліктеріңді мойындауға ақылдарың жетпеді. Харам іске қадам басып, жақындарың дүре жеді, «қарындасым ес көріп барып еді, ұстай алмай жүн қылдың жібегімді» тәрізді әрекеттерді Ақан да кемістік-мін ретінде көрсетеді. Елдің өткен-кеткененінен хабары бар екенін аңғартады. «Жібермей-мін мен саған өз кегімді» деп ойын түйіндейді. Мұндай нақты сынға қандай уәж айтуға болады? Қожамбет өзін көтере, текті жерден шыққанын мақтан ете жауап айтады:

Ақан, сен мен айтайын келдің қайдан,
Бір күнде шығып едік екі дайдан.
Анам арғын Ақжолдың бел баласы
Қалайша мін шығады Атығайдан.
Көп қазбай осы жерден тоқтатайын,
Ел бұзылып кетеді осындайдан.
Ақан, сен сау күнің де болдың көсем,
Көңілің қапа болар жаман десем.
Бұл пері ерте кірген қамалыңа
Өкеңді де жіберген жоқ аман-есен,-

дейді ол. Айтыстың соңы Ақанның жеке басындағы «кемшілікті» сынаумен бітеді. Ақанның жақсы көретін жары (Ұркия) мен інісі қайтыс болады.

Құлагеріне қастандық жасалады. Осындай ауыр қайғыны көтере алмаған Ақан жалғыздыққа бой алдырады. Біресе жанын дін арқылы тазартпақ болса, кейде керісінше ораза, намазын қойып кетеді. Ақанның осы мінезі көп адамға жұмбақ болып көрінеді. «Оны мұсылман перісі иеленген көрінеді-мыс» деген өсек тарайды. «Ақан мен пері күндіз айрылып, түнде қосылатын болады. Жоқ, пері Ақанға Ерейменде иеленген емес екен. Періге иелену Ақанның тұқымында бар екен. Олардың қонысы-Қоскөлдің өзі ежелден перінің мекені екен. Марқұм Қорамсаның өзі перімен айналысқан адам екен.» (329 б.),-деген тәрізді өсек сөздерді кейбір Ақанды көре алмайтын адамдар әдейі таратады. Қожамбеттің Ақанға тағып отырған айыбының бірі-осы. Мұны ескі қазақ ауылындағы қараңғылықтың бір көрінісі деуге болады. Қожамбеттің серіге айтар басқа кінәсі болмаған соң, тілге тиек еткен дақпырт сөзі ғана деп ұққан жөн. Хат түрінде өткен осы айтыстың бір ерекшелдігі қоғамдық-әлеуметтік мәселеге де назар аударылады. Ертеректегі екі рудың арасында болған келеңсіздік (барымта) сыналады. Осы тұрғыдан келгенде бұл жазба айтыстың да өзіндік мәні бар екенін айтқан орынды. Ақан-19 ғасырдың екінші және 20ғасырдың бас кезіндегі айтыс өнерінің дамуына үлкен үлес қосқан ақын. Ол бетке-бет отырып суырып салып та айтысқан және хат арқылы жазып та айтысқан. Бұл- ақынның бір қыры.

1. Ш.Ахметов, Б.Ысқақов, М.Байділдаев. Оқушылар есіне. Айтыс. – Алматы, Жазушы. 1965ж.

2. А.Қорамсаұлының шығармалары – Жазушы 1965ж.

3. М.Жармұхамедов Алғы сөз. Айтыс. Алматы 1988ж.

4. М.Әуезов шығармалар: он екі томдық – Алматы, Жазушы, 1969ж.

5. М.Жұмабаев шығармалар – Алматы, Білім, 1996ж.

В этой статье рассматриваются письменные айтысы Акана сери.

This article discusses written aitys Akan Seri.

Т. Б. Қастеева

ӘЙЕЛ СИПАТЫ

Әйел заты тіршілік тірегі, отбасының ұйтқысы екені белгілі. Тіпті адамның адамгершілік тұрпаты, оның ұлықты ұл, қылықты қыз болып қалыптасуы да отбасына байланысты екені анық. Халқымыз «ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деп бекер айтпаған ғой. Бүкіл өмір-тіршіліктің кілті әйел затының қолында десек, артық айтқандық болмайды. Ана алақанының жылылығы сәби үшін ғана емес, орта-ғасырға да үлкен күш-қуат береді. Өмірге құштарлықты арттырып, адамға жігер беретін құдірет – әйел-ананың ықыласы. Бұдан шығатын түйін сол-адам өміріне әйел затының ықпалы зор. Осындай

себептерден болар ілгері-кейінді өткен ақын-жыраулардың көбі-ақ бұл мәселеге назар аударған. Осы ретте Ақан Қорамсаұлы бірнеше өлең жазған. Соның бірі «Жақсы қатын» деп аталады. Ақын алдымен жақсы әйелдің сыртқы сипатына назар аударады.

Ақ жүзді қатын алсаң бойы сұңғақ,

Қасыңа шақырғанда келсе зырлап.

Дауысы әу дегенде әрең шығып

Кеудесі еңкейгенде етсе бұлғақ.

Немесе:

Қара қас, жазық маңдай, кара көзді,

Дауысы жіп-жіңішке жұмсақ сөзді,